

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
23.06.2021 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 23.06.2021 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Бұл мәселе де біздің депутаттардың бастамасымен әзірленген. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Бижанова Гүлнар Қадыржанқызына беріледі.

**БИЖАНОВА Г.Қ.** Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Заң жобасына Парламент Мәжілісінің депутаттары 2020 жылы халықаралық практикаларды талдау негізінде бастамашылық жасады. Ол 2018 жылы қабылданған ұлттық заңнамалық нормаларды дамытуға бағытталған, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына көшуді қамтамасыз етеді.

«Nur Otan» партиясының алдыңғы сайлауалды бағдарламасының және Қазақстан Республикасының 25 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды күшейту және оны халықаралық озық практикалармен үндестіру жөніндегі жоспарлы іс-шаралары осы жұмыс үшін негіз болды.

Мәжілістің тапсырмасы бойынша Әділет министрлігі «Reed Smith» компаниясының заң консультанттарын тарта отырып, заңнама мен құқық қолдану практикасына талдау жүргізді. Талдау қорытындысы бойынша Әділет министрлігімен бірлесе отырып осы саланы одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар әзірленді.

Жұмыстың нәтижелері депутаттық бастамаға негіз болды.

Заң жобасында мынадай түзетулерді ұсынамыз:

авторлардың заңды алымдар мен сыйақылар алу құқықтарын қорғау мақсатында ұжымдық ұйымдар қызметінің ашықтығына қойылатын талаптар күшейтіледі;

ұлттық брендтеуді дамыту және өткізу нарығын кеңейту мақсатында «географиялық нұсқау» деген жаңа объект енгізіледі;

тіркелмеген өнеркәсіптік үлгілерді қорғау үшін «қысқа мерзімді қорғау» режимі енгізіледі;

тараптардың «оппозициялық» жүйені қолдану мүмкіндіктері кеңейтіледі. Бұл жаңалық өтінім сатысының өзінде тіркеуге қарсылық білдіруге рұқсат береді;

патенттік сенім білдірілген өкілдердің қызметін реттеуге қойылатын талаптар нақтыланады. Бұл құқық иеленушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғаудың сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу нысанасы болып табылатын зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарға байланысты дауларды болғызбау үшін осындай тәсілмен сатып алуға жол берілетін зияткерлік меншік объектілерінің тізбесін шектеу ұсынылады.

Бірақатар түзетулер ұлттық заңнаманы зияткерлік меншік саласындағы халықаралық актілермен үндестіру қажеттілігіне байланысты.

Құрметті әріптестер! Осы заң жобасының маңыздылығын, оның елдегі зияткерлік меншік саласын дамыту, құқық иеленушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін салдарын ескере отырып, Ұлттық зияткерлік меншік институтында Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің кеңейтілген отырысы өткізілді. Мәселелердің кең ауқымын талқылауға көрнекті халықаралық және отандық сарапшылар, Еуразиялық патенттік ведомствоның басшысы, судьялар, Сот төрелігі академиясының басшысы, ғылым, шығармашылық интеллигенция, авторлық қоғамдастықтар мен мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері тартылды.

Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау мен қорғаудың ұлттық жүйесі, оны коммерцияландыру мәселелеріне, сондай-ақ халықаралық тәжірибенің өзекті үрдістеріне ерекше назар аударылды. Зияткерлік меншік саласын одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар топтамасы әзірленді.

Жұмыс тобының он тоғыз отырысы өткізілді. Отырыстар ашық форматта өтті. Заң жобасының ережелері авторлық қоғамдастық өкілдерімен, патенттік сенім білдірілген өкілдермен, кәсіпкерлермен, өндірушілермен, халықаралық және ұлттық сарапшылармен мұқият талқылаудан өтті. Депутаттар мен заңнама бөлімінің 100-ден астам түзетуі қаралды.

Заң жобасын қабылдау зияткерлік меншікке арналған құқықтарды қорғауды одан әрі күшейтуге және зияткерлік меншік саласындағы дауларды объективті шешу үшін жағдайлар жасауға ықпал ететініне сенімдіміз.

Құрметті әріптестер, назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Платонов Артур Станиславовичке беріледі.

ПЛАТОНОВ А.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемая Гульнара Кадиржановна! Законопроектом предусматривается следующее требование к кандидатам в патентные поверенные – опыт работы в сфере охраны и защиты прав интеллектуальной

собственности, составляющий не менее четырех лет, либо прохождение стажировки в палате патентных поверенных, составляющей не менее одного года.

Вместе с тем считаю необходимым установить для кандидатов требование к специальному образованию – кандидат должен иметь специальное образование и специализацию «патентный поверенный».

Как Вы считаете, нужно ли специальное образование для патентного поверенного?

БИЖАНОВА Г.Қ. Благодарю за Ваш интерес, уважаемый Артур Станиславович.

Мы также задавались этим вопросом во время обсуждения в рабочей группе, привлекали для этого Министерство образования и науки.

Вы знаете, мы дали академическую свободу вузам. В рамках академической свободы введение той или иной специальности требует востребованности этой специальности на рынке. В настоящее время объем рынка интеллектуальных объектов в Казахстане не столь велик, видимо, для вузов, чтобы вызвать интерес по введению отдельной специальности, хотя по большому счету это вопрос будущего. Почему? Потому что сегодня в нашей стране работают 158 патентных поверенных. Они представляют интересы как отечественных, так и иностранных правообладателей.

В то же время мы законопроектом не оставляем эту тему, потому что важно поднять уровень качества защиты законных интересов авторов и правообладателей, особенно отечественных, в том числе обеспечить квалификационные требования к патентным поверенным.

Поэтому повторю еще раз, законопроектом предусмотрены нормы по обязательному четырехлетнему опыту в сфере защиты прав интеллектуальной собственности либо годичному стажу в палате патентных поверенных. Причем неважно, это происходит в нашей или другой стране. Эти требования должны быть сохранены.

В целом мы уверены, что весь тот пул поправок, который идет сейчас в законопроекте, будет способствовать развитию рынка интеллектуальной собственности в стране и, соответственно, спросу на данную специальность.

Более того, мы только что обсудили предыдущий законопроект, и сейчас нужны уже судебные эксперты в сфере защиты интеллектуальной собственности. Вузам есть над чем задуматься.

Кстати, мы вчера провели выездное заседание комитета именно на эту тему и целым блоком предложений вложили ее в пакет рекомендаций для Министерства образования и науки.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкіліне арналады.

Заң жобасында өнеркәсіптік үлгілерге құқықтарды қорғау саласында елеулі өзгерістер енгізу көзделген. Құқықтарды қорғаудың ең аз және ең көп

мерзімі бойынша өзгерістер енгізіліп отыр, сондай-ақ тіркелмеген өнеркәсіптік үлгілерді «қысқа мерзімді қорғау» деп аталатын қосымша қорғау шарасы енгізіледі. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Аталған «қысқа мерзімді қорғау» шарасы қандай нәтиже береді? Ол ақылы бола ма?

Осы сұрақтарға жауап берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Ақерке Естайқызы Ахметова.

АХМЕТОВА А.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Төлем қажет етілмейді. Мұндай жүйе тез өзгертін ұқсас дизайнер сияқты нарыққа ыңғайлы, мысалы, киім, көлік, жиһаз, аксессуар немесе фурнитура дизайнерлары үшін. Бұл Еуропалық одақтың тәжірибесі. Егер дизайнерлер объектіні ұзақ мерзімге қорғағысы келсе, олар ол объектіні тіркеп патент алады, ал қысқа мерзімге қорғау үшін объектіні көрмеде жариялайды және сот арқылы құқықтарын қорғайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Сөз депутат Телпекбаева Жанна Тілеубекқызына беріледі.

ТЕЛПЕКБАЕВА Ж.Т. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемая Гульнара Кадиржановна! Сейчас в Казахстане работают 13 организаций, которые представляют интересы авторов и правообладателей. Теперь согласно законопроекту они должны заключать договоры о взаимном представительстве интересов авторов и правообладателей между собой, обеспечить открытость информации, предоставлять авторам и правообладателям информацию на безвозмездной основе.

В этой связи следующий вопрос.

Чего следует ожидать от введения этих мер авторам, композиторам, поэтам и исполнителям?

БИЖАНОВА Г.Қ. Жанна Тлеубековна, спасибо Вам за интересный вопрос.

Это была самая обсуждаемая часть поправок законопроекта. Мы заранее анонсируем темы заседаний рабочей группы и в открытом формате с широким привлечением всей заинтересованной аудитории проводим заседания рабочей группы. К обсуждению этих поправок привлекались авторы, композиторы, авторские сообщества, юристы, специализирующиеся на этой теме в судах.

Сегодня проблема – это непрозрачность деятельности ОКУП (организации по коллективному управлению правами), которых в стране 13.

К чему это приводит? Для творческих людей это огромная мука. Почему? Потому что они не видят объема сборов в свой адрес, годами не получают свои законные авторские вознаграждения. Хождение по судам представляется для них огромной мукой и они просто-напросто опускают руки.

Чтобы исключить эту ситуацию, нашим законопроектом мы обеспечиваем максимальную прозрачность деятельности ОКУП, в том числе предъявляем целый перечень отдельных требований к ним.

То взаимное представительство интересов в договорах между несколькими ОКУП, о чем Вы упомянули, как раз таки даст исчерпывающую возможность авторам, композиторам, правообладателям на получение своих авторских вознаграждений в полном объеме. Несколько ОКУП, которые заключат между собой эти договоры, будут иметь право представлять интересы только в отношении тех авторов, которые доверили им это представительство.

Прозрачность деятельности ОКУП будет обеспечиваться обязательностью аудитов, периодичность которых сейчас составляет раз в два года, но мы в законопроект вводим требование о том, чтобы в течение пяти лет итоги аудита были обнародованы на интернет-сайтах ОКУП.

Также у каждого автора и правообладателя будет свой «Личный кабинет», через который они в режиме реального времени будут отслеживать сбор поступлений и, соответственно, объемы этих выплат в их адрес.

Также ОКУП будут обязаны на системной основе публиковать свои отчеты о своей деятельности на интернет-сайтах.

То есть мы сейчас делаем деятельность ОКУП максимально прозрачной.

Я позволю себе небольшое отступление.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Кеше осы мәселені комитеттің кеңейтілген отырысында талқылағанда отырысқа халықтың сүйікті актері Тұрсынбек Қабатов қосылды. «Біз айыппұлдың, коммуналдық төлемнің, салықтың квитанцияларын уақытында аламыз, ал өзіміздің заңды сыйақыларымызды уақытында ала алмаймыз. Жарайды, біз, жастар, өз құқығымызды білеміз, бірдеңе қылып оны аламыз, ал үлкен кісілерге, аға буын композиторларға, авторларға қиын. Сондықтан осы нормаларды енгізіп жатқандарыңыз үшін сіздерге рақмет», – деп ол өз пікірін білдірді.

ТӨРАҒА. Бәсе, кеше комитеттің отырысы үш жарым сағат болды. Не істеді десем, Тұрсынбекті тыңдаған екенсіздер ғой.

БИЖАНОВА Г.Қ. Осыны талқыладық.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

У меня вопрос в продолжение вопроса предыдущего коллеги, но только к Министерству финансов.

В отношении государственных закупок, товаров и услуг из одного источника высказывается немало нареканий сегодня. Это относится и к закупкам объектов интеллектуальной собственности.

Поэтому наши коллеги в проекте закона уточняют, какие именно объекты интеллектуальной собственности можно закупать таким способом. К таковым предлагается отнести товары и услуги, защищенные патентом на изобретение, селекционное достижение и (или) свидетельством о предоставлении права пользования наименованием места происхождения товара, географическим указанием, у лица, обладающего на территории

Республики Казахстан исключительными правами на них. Соответствующие поправки внесены в пункт 3 статьи 39 Закона «О государственных закупках».

Какова Ваша позиция по предложению депутатов?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, вице-министр финансов Даурен Маратович.

КЕҢБЕИЛ Д.М. Уважаемый Аманжан Макаримович, спасибо за вопрос.

Действительно, такие поправки были предложены, мы их поддерживаем. В целях исключения возникающих споров, связанных с правами интеллектуальной собственности, предлагается установить четкие основания для осуществления закупок товаров и услуг, являющихся объектами интеллектуальной собственности. Так, предлагается ограничиться объектами, права на которые возникают в результате экспертиз.

Предлагаемые поправки позволят ограничить объекты интеллектуальной собственности, а также исключить правонарушения, которые возникают в сфере государственных закупок.

Поэтому нами эта поправка поддерживается. Спасибо.

ТӨРАҒА. Но они не могут быть не поддержаны, потому что мы уже во втором чтении рассмотрели изменения в Закон «О государственных закупках», и эти нормы просто как законодательные требования теперь там будут посажены. После того, как подпишет Глава государства, после того, когда эти нормы уже будут приняты, вы должны будете это соблюдать.

И вообще нам надо идти строго, не допускать без исключительной необходимости, как, например, чрезвычайная ситуация, пандемия коронавируса или еще что-то, закупок из одного источника. Мы же над этим законопроектом работали с вами, Министерство финансов. Мы там прописали отсутствие конкурентной среды и так далее. Все это делалось искусственно. Мы знаем жизнь – подгоняли, на конкурс не пришли, из одного источника отдали. Все. Этого ничего не будет. Только в исключительных случаях можно будет проводить закупки из одного источника. Все остальное – только в конкурентной среде. Поэтому эти нормы вы не можете не поддержать. Пожалуйста, что еще?

КЕҢБЕИЛ Д.М. Мы сейчас очень активно работаем над сокращением закупок из одного источника. Тем законопроектом, который на прошлой неделе был одобрен, мы исключили три вида закупок способом из одного источника. Также сейчас активно работает Агентство по защите конкуренции и предлагает сейчас в Правительстве на сокращение четыре основания закупок из одного источника. Поэтому мы постепенно эти источники сокращаем, работаем над этим.

ТӨРАҒА. Правильно. Спасибо.

Сөз депутат Ким Вера Александровнаға беріледі.

КИМ В.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемая Гульнара Кадиржановна! Согласно законопроекту наряду с уже имеющимся объектом интеллектуальной собственности «наименование места происхождения товара» вводится новый объект – «географическое указание».

На мой взгляд, понятие «наименование места происхождения товара» поглощает понятие «географическое указание».

В этой связи следующие вопросы:

1. Не приведет ли к путанице наличие в законодательстве двух объектов, выполняющих одну функцию?

2. Какой эффект ожидается от данного нововведения?

Спасибо.

БИЖАНОВА Г.Қ. Спасибо за Ваши вопросы, уважаемая Вера Александровна.

Хочу сказать, что это одна из важных новелл законопроекта, которая разработана на основе глубокого изучения лучших международных практик.

Во-первых, путаница исключается по причине того, что законопроект предусматривает абсолютно разные критерии при заявке объектов.

Во-вторых, понятие «наименование места происхождения товара» действительно поглощает в себя понятие «географическое указание».

Что такое НМПТ? Это объект – наименование места происхождения. Он подразумевает, что все стадии производства должны происходить в одном месте, начиная с сырья, переработки, изготовления, производства. Это все – наименование места происхождения.

Чтобы было понятнее, приведу примеры. Это Лепсинский мед, Кокшетауское мороженое, Рудненский тан, Шубаркульский уголь.

Теперь, выделяя отдельный объект «географическое указание», мыкратно расширяем возможности наших отечественных производителей производить отдельные товарные знаки на свою продукцию и широко выводить их на рынки сбыта, где они будут защищаться уже международными договорами.

Сейчас в законодательстве у нас регистрируется только НМПТ, а ГУ требует для себя только лишь одну стадию – производство в той местности, которая заявляется на регистрацию.

Потенциально сегодня объектами с географическим указанием уже можно назвать Казалинские конфеты, Ленгерское мороженое, Шымкентское пиво, конфеты «Баян-Сулу», Айдабульскую водку, Казахстанский коньяк.

Это вся та продукция, сырье для которой завозится из других регионов или даже стран, но производится в определенной местности. Это бренд, брендинг и возможность вывода нашими отечественными производителями своего товара на широкие рынки сбыта.

Таким образом, выделение в отдельный объект географического указания нас максимально приближает к лучшим мировым практикам и стимулирует наших производителей.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Адамбеков Тілектес Серікбайұлына беріледі.

АДАМБЕКОВ Т.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкіліне арналады.

Заң жобасына сәйкес тауар таңбаларына арналған «оппозициялық жүйені» енгізу ұсынылып отыр. Яғни, тіркелетін тауар белгісіне шағым жасауға мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ шағымды тауар белгісін тіркеу рәсімінің кез келген сатысында беруге болады.

Мұндай жүйе үшінші тұлғалардың шағым беру құқығын теріс пайдалануына алып келмей ме?

Зияткерлік меншік объектілерін тіркеуге өтініш беретін тұлғалар үшін бұл жүйе қаншалықты қолайлы болмақ? Рақмет.

ТӨРАҒА. Акерке Естайқызы Ахметова.

АХМЕТОВА А.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Мұндай «оппозициялық жүйе» үшінші тұлғалардың құқықтарын қасақана теріс пайдалануға мүмкіндік бермейді, тауар белгісіне өтінімге сараптама жүргізу сақталады, яғни сараптама нәтижелері үшін жауапкершілік сараптамалық ұйымда қалады. «Оппозициялық жүйенің» мақсаты өтініш беруші үшінші тұлғалармен ықтимал даулар туралы хабардар ету болып табылады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Гүлнар Қадыржанқызы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Елюбаев Мәди Сағынтайұлына беріледі.

ЕЛЮБАЕВ М.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Парламент депутаттары Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының негізінде әзірледі. Осы жоспарға сәйкес неғұрлым қолданылатын технологияларды пайдалануды стандарттауға және зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған заңнамалық өзгерістер қабылдау көзделеді. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жүйесін күшейту жөнінде одан әрі қадамдар жасау қажет.

Заң жобасында ұжымдық негізде құқықтарды басқаратын ұйымдар мен Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдері қызметінің ашықтығын күшейту ұсынылады. Ұжымдық құқықтарды басқару жөніндегі ұйымдардың өзге де ұқсас ұйымдармен өзара мүдделерді білдіру туралы шарттар жасасу міндеті белгіленеді.

Зияткерлік меншік объектілерін қорғаудың халықаралық практикасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тауарлары шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімін жүргізудің қолданыстағы практикасына сәйкес заң жобасында зияткерлік меншіктің дербес объектісі ретінде «географиялық көрсету» ұғымы енгізіледі.



Патенттік сенім білдірілген өкілдер институтын жетілдіру бойынша түзетулер көзделген, олар уәкілетті органда, сараптама ұйымында және соттарда өтініш берушілер мен иеленушілердің мүдделерін білдіреді.

Біркатар түзетулер ұлттық заңнаманы зияткерлік меншік саласындағы халықаралық актілермен үйлестіру қажеттілігімен байланысты (Еуропалық одақпен Кеңейтілген әріптестік туралы келісім және Еуразиялық патенттік конвенцияға Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттама).

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға рұқсат етілетін зияткерлік меншік объектілерінің тізбесін шектеу ұсынылады.

Заң жобасымен екі кодекске және зияткерлік меншік саласындағы қатынастарды реттейтін біркатар заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша он қорытындыларын ұсынды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде комитет заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау мүмкін деп санайды.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мәди Сағынтайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Тілеухан Бекболат Қанайұлына беріледі.

ТІЛЕУХАН Б.Қ. Рақмет, қадірлі Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті депутаттар! Зияткерлік меншік саласы қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Әлемдік экономика табиғи байлықтарды пайдалануға негізделген ресурстық экономикадан инновациялар мен технологияларды дамытуға және қолдануға бағдарланған экономикаға көшуде.

Біз интеграциялық процестердің жылдам дамуының, экономикалық және сауда қатынастарын дамыту саласында екіжақты және көпжақты шарттар жасасудың куәсі болып отырмыз.

Бүгінде Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы әкімшілендіретін 19 халықаралық шарттың қатысушысы болып табылады. Еуразиялық экономикалық одақ аясында зияткерлік меншік саласындағы үш халықаралық келісімге қол қойылды. Қазақстан зияткерлік меншік объектілерін тіркеудің алты өңірлік жүйесіне қатысады. Бұл жағдайлар зияткерлік меншік саласын дамытудың және осындай құқықтарды қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігін көрсетіп отыр.

Ұсынылып отырған түзетулер осы саланы одан әрі дамытуға, қазақстандық тауарларды әлемдік нарыққа шығаруға, құқықтарды ұжымдық басқару саласын жетілдіруге, халықаралық шарттар шеңберінде қабылданған міндеттемелерді қамтамасыз ету мақсатында, тіркелмеген өнеркәсіптік үлгілерге құқықтарды қамтамасыз етуге бағытталған.

Әлемді жайлаған, адамзатты абыржытып жатқан коронавирус пандемиясы жағдайында зияткерлік меншіктің дамуына жағдай жасаудың, жаңа зияткерлік меншік объектілерін құрудың, соның ішінде дәрі-дәрмектер мен вакциналар жасаудың маңызы ерекше. Қазақстан COVID-19 вирусына

қарсы вакциналар әзірлеп, патенттеген бес мемлекеттің бірі. Сондықтан ғылыми ізденістің осы жетістігін де құқықтық қорғауға алу қажет.

Зияткерлік меншік тетіктерін нығайту мен жетілдіруге бағытталған түзетулер қазақстандық тауарларды жаңа нарықтарға шығаруға ықпал етіп, ұлттық экономика мен сауданы дамытуға мүмкіндік береді деп есептеймін.

Сондықтан, қадірлі әріптестер, осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Қанайұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Құжаттамамен қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Майя Н. Майынтаев.*